

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 368 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 116 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.03.2017 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 6 7 6 б ұ й р ы ғ ы .

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.22. N 846 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22. N 846 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. <*>

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.24. N 325 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

2. Қоса беріліп отырған Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру ережесі

Ескерту. Тақырыптағы және мәтіндегі "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру ережесі Қазақстан Республикасының "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленді және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуді кемелерді мемлекеттік тіркеу органы (бұдан әрі - тіркеуші орган) осы кеме тіркелген Қазақстан Республикасының кемелер тізіліміне тиісті жазба енгізу жолымен жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы ақпарат беру тәртібі

3. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы мәліметтер барлық заңды және жеке тұлғалар үшін ашық болып табылады.

4. Заңды немесе жеке тұлғаның еркін нысандағы өтініші бойынша тіркеуші орган ол берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде кеме тіркелген Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен үзінді көшірме немесе көшірме нысанында ақпарат береді. Бұл ретте үзінді көшірме:

1) ипотека туралы мәліметтер үзінді көшірме берілген күннің алдындағы жұмыс күнінің аяғында берілгеніне сілтемені қамтуы;

2) тіркеуші органның уәкілетті лауазымды тұлғасының қолы қойылуы және тіркеуші органның мөрімен куәландырылуы тиіс.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22. N 846 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.03.2014 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

5. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы ақпарат өтеусіз беріледі.

6. Сол немесе өзге кемеге немесе жасалып жатқан кемеге қатысты ипотека туралы қандай да бір жазбалар болмаған жағдайда үзінді көшірмеде осыған тиісті сілтеме болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 сәуірдегі
N 368 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.23. N 1068 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын
мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкалары

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкасы мыналарды құрайды:

1) жеке тұлғалар үшін - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш;

2) заңды тұлғалар үшін - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген бес еселенген айлық есептік көрсеткіш.